

## ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІН САҚТАНДЫРУ ТАРИФТЕРІ

Сақтандыру тарифінің мөлшерін өзгертуде (саралауда) негізге алынатын өлшемшарттар тізбесі, сондай-ақ осындай өзгерістердің мәндері

Өлшемшарт	Өзгерістер мәні
Темір жол көлігінің жасалған жылы	0,70 тен 1,70 дейін
Пайдалану мақсаты	0,70 тен 1,70 дейін
Темір жол көлігінің типі	0,70 тен 1,70 дейін
Шығарылған жері	0,70 тен 1,70 дейін
Қозғалыс географиясы, соның ішінде сапарларының ұзақтығы	0.60-тан 1.60-қа дейін
Техникалық сипаттамалары	0.60-тан 1.60-қа дейін
Темір жол бригадасының құрамы, біліктілігі, кәсіби тәжірибесі	0.60-тан 1.50-ге дейін
Зияндар бойынша статистика	0.55-тен 1.50-ге дейін

### Негізгі тәуекелдер бойынша тарифтер кестесі

Ең төменгі тариф	Негізгі тариф	Ең жоғарғы тариф
0,0117%	0,41%	19,724%

Сақтандыру жағдайы темір жол көлігінің келесі оқиғалар салдарынан бүліну немесе жойылу (жоғалу) тәуекелі болып табылады:

- апатқа ұшырау, авариялар, соқтығысу немесе рельстен шығып кету (сапарлар кезінде, сондай-ақ маневрлік жұмыстар кезінде), туннельдің құлауы;
- өрт, жарылыс және найзағай түсу;
- боран, сұрапыл дауыл;
- жер сілкіну, вулканның атқылауы немесе жер асты отының әрекеті;
- сел, қар көшкіні, таудың қопарылуы, су тасқыны, жердің отыруы, құйын, бұршақ, нөсер;
- ұрлық, тонау, қарақшылық немесе үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері;
- басқарылатын ұшу аппараттарының немесе олардың сынықтарының және ішіндегі заттарының құлауы;
- тиеу-түсіру жұмыстары технологиясының бұзылуы.

Тарифтік мөлшерлемені есептеу үлгісі:

Сақтанушының өтініш-сауалнамадағы барлық сұрақтарға берген жауаптарына сәйкес кестеге андеррайтинг кестесіне сәйкес түзету коэффициенттері енгізіледі. Бұдан әрі негізгі тариф біртіндеп барлық коэффициенттерге көбейтіледі. Соңында осы темір жол көлігі сақтандырылатын мөлшерлеме шығарылады.

өтеу нұсқасы	негізгі тариф, %	Темір жол көлігінің жасалған жылы	Пайдалану мақсаты	Темір жол көлігінің типі	Шығарылған жері	Қозғалыс географиясы, соның ішінде сапарларының ұзақтығы	Техникалық сипаттамалары	Темір жол бригадасының құрамы, біліктілігі, кәсіби тәжірибесі	Зияндар бойынша статистика	қорытынды тариф
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Толық тәуекелдер топтамасы	0,41%	1,20	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00	1,00	0,95	0,47%

Тарифтік мөлшерлеме 0,47% құрайды. Ол келесі жолмен алынды:  
Негізгі тариф  $0,41\% * 1,20 * 1,00 * 1,00 * 1,00 * 1,00 * 1,00 * 1,00 * 0,95 = 0,47\%$ .